

ISSN: 1814 - 6961
E-ISSN: 2788-9718

ОТАН ТАРИХЫ

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2022, № 1 (97)

1 /2022

Құрылтайшы:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ғылым Комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Бас редакторы:

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

Редакциялық алқа:

Абдырахманов Т.А. (Бішкек, Қырғызстан), Аблажей Н.Н. (Новосибирск, Ресей), Аяған Б.Г. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Әбусейітова М.Х. (Алматы, Қазақстан), Әбіл Е.А. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Әжіғали С. (Алматы, Қазақстан), Әлімбаев Н. (Алматы, Қазақстан), Жұмағұлов Қ.Т. (Алматы, Қазақстан), Көмеков Б.Е. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Кудряченко А.И. (Киев, Украина), Любичанковский С.В. (Орынбор, Ресей), Мұқтар Ә. (Атырау, Қазақстан), Петер Финке (Цюрих, Швейцария), Смағұлов О.С. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Сыдықов Е.Б. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Уяма Томохико (Саппоро, Жапония)

Жауапты редактор:

Құдайбергенова Айжамал Ибрагимқызы

Ғылыми редактор:

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Жауапты хатшы

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Техникалық хатшылар:

Зікірбаева В.С., Бауыржан С.

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., Шевченко көшесі, 28
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
«Отан тарихы» журналының редакциясы

Сайтқа сілтеме: <https://otan.history.iie.kz>

Тел.: +7 (727) 272-46-54.

E-mail: otanhistory@gmail.com.

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде
1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

Учредитель:
Министерство Образования и науки Республики казахстан
Комитет Науки
Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:
Абдырахманов Т.А. (Бишкек, Кыргызстан), Аблажей Н.Н. (Новосибирск, Россия), Аяган Б.Г. (Нур-Султан, Казахстан), Абусейтова М.Х. (Алматы, Казахстан), Абил Е.А. (Нур-Султан, Казахстан), Ажигали С. (Алматы, Казахстан), Алимбай Н. (Алматы, Казахстан), Жумагулов К.Т. (Алматы, Казахстан), Кумеков Б.Е. (Нур-Султан, Казахстан), Кудряченко А.И. (Киев, Украина), Любичанковский С.В. (Оренбург, Россия), Мухтар А. (Атырау, Казахстан), Петер Финке (Цюрих, Швейцария), Смагулов О.С. (Нур-Султан, Казахстан), Сыдыков Е.Б. (Нур-Султан, Казахстан), Уяма Томохико (Саппоро, Япония)

Ответственный редактор
Кудайбергенова Айжамал Ибрагимовна

Научный редактор
Козыбаева Махаббат Маликовна

Ответственный секретарь
Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

Технический секретарь
Зикирбаева В.С., Бауыржан С.

Адрес редакции:
050100, Республика Казахстан,
г. Алматы, ул. Шевченко, 28
Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова
Редакция журнала «Отечественная история»

Ссылка на сайт: <https://otan.history.iie.kz>
Тел.: +7 (727) 272-46-54.
E-mail: otanhistory@gmail.com.

Журнал в Министерстве информации и общественного согласия Республики Казахстан
Зарегистрирована 9 марта 1998 г., имеет свидетельство N 158-Ж.

При перепечатке статей, съемке на микрофильмах и других копиях обязательно
делается ссылка на журнал.

Founder:

Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan
Committee of Science
Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov

Chief editor

Kabuldinov Ziyabek Yermukhanovich

Members of editorial board:

Abdyrakhmanov T.A. (Bishkek, Kyrgyzstan), Ablazhey N.N. (Novosibirsk, Russia), Ayagan B.G. (Nursultan, Kazakhstan), Abuseitova M.H. (Almaty, Kazakhstan), Abil E.A. (Nur-Sultan, Kazakhstan), Azhigali S. (Almaty, Kazakhstan), Alimbay N. (Almaty, Kazakhstan), Zhumagulov K.T. (Almaty, Kazakhstan), Kumekov B.E. (Nur-Sultan, Kazakhstan), Kudryachenko A.I. (Kiev, Ukraine), Lyubichankovsky S.V. (Orenburg, Russia), Mukhtar A. (Atyrau, Kazakhstan), Peter Finke (Zurich, Switzerland), Smagulov O.S. (Nur-Sultan, Kazakhstan), E.B. Sydykov (Nur-Sultan, Kazakhstan), Uyama Tomohiko (Sapporo, Japan)

Executive Editor

Kudaibergenova Aizhamal Ibragimovna

Scientific Editor

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Executive Secretary

Murzakhodzhayev Kuanysh Madievich

Technical secretary

Zikirbayeva V.S., Bauyrzhan S.

Editorial office address:

050100, Republic of Kazakhstan,
Almaty, Shevchenko str., 28
Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov
Editorial board of the magazine «History of the homeland»

Link to the website: <https://otan.history.iie.kz>

Tel.: +7 (727) 272-46-54.

Email address: otanhistory@gmail.com .

Journal in the Ministry of Information and public consent of the Republic of Kazakhstan
registered on March 9, 1998, has certificate No. 158-Zh.

When reprinting articles, shooting on microfilm and other copies,
a link to the magazine is necessarily made.

ЭТНОЛОГИЯ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯ
ЭТНОЛОГИЯ И АРХЕОЛОГИЯ
ETHNOLOGY AND ARCHEOLOGY

FTAMP 03.61.91

DOI 10.51943/1814-6961_2022_1_181

ТӘЖІКСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ КИЕЛІ ЖЕРЛЕРІ МЕН ТАРИХИ ОРЫНДАРЫ
(ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША)

Токтабай Ахмет Уалханұлы^{1*}

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Алматы, Қазақстан.

*Автор-корреспондент

E-mail: akhmet.t@mail.ru (Токтабай)

Түйіндеме. Мақалада 2021 ж. Тәжікстан Республикасындағы қазақтардың киелі жерлерін зерттеу мақсатында ұйымдастырылған далалық этнографиялық экспедиция барысында жинақталған материалдарға талдау жасалды. Экспедиция барысында жинақталған деректер негізінде Тәжікстанның Хатлон облысындағы аудандарда – 17 қасиетті жерлері анықталып, олардың тізімі жасалды. Сондай-ақ, экспедиция кезінде жергілікті тұрғындардан сұхбат алынып, аңыз-әпсаналар жинақталды. Тәжікстандағы ескерткіштерді зерттеу барысында Мұхамед Хайдар Дулатидың туған жері Ұратөбе (Усуршана) қаласы, атасы Махмұд сұлтанның балаларымен өлген жері – Худжан (Ходжент) өзені есепке алынды. Бұдан өзге Қазақ мазар, Ташрабад қазақ мазары, Бұрынғы қазақ қыстаулары, Тереклік ата, Тәмеке мазар (қазақ мазар), Ақ әулие, Молламан қыстауы, Әбдіқадыр әулие медресесі, Шахидон (шахит болғандар) мазараты сынды көптеген қасиетті орындар анықталды. Сондай-ақ, Кеңестік Тәжік үкіметінің алғашқы мүшесі, алғашқы ішкі істер комиссары А. Жармұхамедовтың қызметі жан-жақты зерттелді, жазбаша деректер мен фотолар табылып, зерттеліп, сараланды. Аталмыш елдегі қазақ халқына қатысты киелі жерлер мен тарихи орындардың хронологиясы ортағасырлардан бастап қазіргі таңға дейінгі уақытты құрайды.

Түйін сөздер: Тәжікстан, Хатлон облысы, Лақай, диаспора, медресе, қыстау, кесене, зират.

Мақала ҚР БҒМ Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруымен АР08855925 «Орта Азия қазақтарының киелі жерлері (Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан, Қарақалпақстан): анықтау, жіктеу және зерттеу» атты жоба аясында дайындалды.

МРНТИ 03.61.91

СВЯТЫЕ И ИСТОРИЧЕСКИЕ МЕСТА КАЗАХОВ В ТАДЖИКИСТАНЕ
(ПО МАТЕРИАЛАМ ЭТНОГРАФИЧЕСКОЙ ЭКСПЕДИЦИИ)

Токтабай Ахмет Уалханович^{1*}

¹Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, Алматы, Казахстан

*Автор-корреспондент

E-mail: akhmet.t@mail.ru

Аннотация. В статье анализируются материалы, собранные в ходе полевой этнографической экспедиции, организованной в 2021 году для изучения сакральных мест казахов в Республике Таджикистан. На основании данных, собранных в ходе экспедиции, в районах Хатлонской области Таджикистана выявлено и занесено в список 17 святых мест. Также, экспедиция проводила опрос местных жителей, и собрала легенды и предания. При изучении памятников Таджикистана, были исследованы место рождения Мухаммеда Хайдара Дулати – город Уратюбе (Усуршана), место гибели его деда Махмуд Султана вместе с его детьми – побережье реки Худжанд. Кроме того, выявлены многие сакральные места, казахские кладбища такие как *Казақ мазар, Таушрабад*, бывшие казахские зимовья, *Тереклік ата*, казахское кладбище *Тәмеке мазар, Ақ әулие*, зимовье *Молламан*, медресе *Әбдіқадыр әулие*, кладбище *Шахидон* (кладбище мучеников). Также была тщательно изучена деятельность одного из членов правительства Советского Таджикистана, первого комиссара внутренних дел Абдуллы Жармұхамедова, найдены, изучены и проанализированы письменные источники и фотографии. Хронологические рамки сакральных объектов и исторических мест казахского народа в этой стране охватывает от Средневековья до наших дней.

Ключевые слова: Таджикистан, Хатлонская область, Локайцы, диаспора, медресе, зимовка, мавзолей, кладбище.

IRSTI 03.61.91

**HOLY AND HISTORICAL PLACES OF THE KAZAKH IN TAJIKISTAN
(BY THE MATERIALS OF THE ETHNOGRAPHIC EXPEDITION)**

Toqtabay Akhmet Ualkhanuly^{1*}

¹Ch.Ch. Valikhanov Institute of history and ethnology, Almaty, Kazakhstan

*Corresponding author

E-mail: akhmet.t@mail.ru (Toqtabay)

Abstract. The article analyzes the materials collected during the field ethnographic expedition organized in 2021 to study the sacred places of the Kazakhs in the Republic of Tajikistan. Based on the data collected during the expedition, 17 holy places were identified and included in the list in the regions of the Khatlon region of Tajikistan. Also, the expedition conducted a survey of local residents, and collected legends and traditions. When studying the monuments of Tajikistan, the birthplace of Muhammad Haidar Dulati - the city of Uratyube (Usurshana), the place of death of his grandfather Mahmud Sultan along with his children - the coast of the Khujand River were investigated. In addition, many sacred places have been identified, Kazakh cemeteries such as Kazakh mazar, Tashrabad, former Kazakh winter quarters, Tereklik ata, Kazakh cemetery Tameke mazar, Ak aulie, Mollaman winter hut, madrasah abdikaadir aulie, Shahidon cemetery (cemetery of martyrs). Also, the activities of one of the members of the government of Soviet Tajikistan, the first commissar of internal affairs, Abdulla Zharmukhamedov, were carefully studied, written sources and photographs were found, studied and analyzed. The chronological framework of sacred objects and historical places of the Kazakh people in this country covers from the Middle Ages to the present day.

Key words: Tajikistan, Khatlon region, Lokais, diaspora, madrasah, wintering, mausoleum, cemetery.

Кіріспе. Орта Азиядағы қазақтардың топтасып өмір сүріп жатырған, онымен қоса республикамызбен көршілес орналасқан мемлекеттер қарқынды дамып, халық саны өсіп келе жатыр. Оның үстіне егіс көлемінің ұлғаюы, бау-бақша шаруашылығының дамуы, өнеркәсіп орындарының өсуі, туризмнің өркендеуіне байланысты келешекте бұл елдерде бос жерлердің барлығын пайдалану мәселесі көтерілетіні айдан анық. Сондықтан, қазақ халқының қарапайым болмысы сияқты қастерлеуді қажет ететін киелі орындар мен әулиелі жерлердің жойылып кету қаупі бар. Демек, халықтың ғасырлар бойы қасиеттеген, рухани жан-тәнін қанағаттандырған киелі орындарды сақтау үшін, қазақ халқына қатысты ескерткіштерді материалдық мұралардың есебіне кіргізіп, тиісті орындар мен мекемелерге шығуға, байланысуға осы зерттеудің маңызы зор. Сондай-ақ, бұл – шетелдегі қазақтардың киелі орындары – біртұтас қазақтың мәдени мұрасының құрамдас бөлінбейтін бір бөлігі болып саналады. Атап айтқанда, қазақтар мекендеп тарихи мұра қалған жердің бірі ретінде Тәжікстан Республикасын қарастыруға болады.

Материалдар мен әдістер. 2021 жылдың 5-30 қыркүйек аралығында «Орта Азия қазақтарының киелі жерлері (Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан, Қарақалпақстан): анықтау, жіктеу және зерттеу» атты жоба аясында Тәжікстан Республикасына далалық этнографиялық экспедиция ұйымдастырылды. Экспедиция барысында Тәжікстанның Хотлон облысындағы Жылыкөл, Руми, Сарбанд, Даңғара аудандары мен Душанбек қаласындағы қазақтардың киелі жерлері мен тарихи орындары туралы мәліметтер жинастырылып, информаторлардан ақпараттар алынды. Зерттеу аясында алынған мағлұматтар ғылыми еңбектермен салыстырыла қарастырылды.

Талқылау. Тәжікстандағы қазақтар өздеріне бауырлас түркі халықтары: лақай, өзбек, қоңырат, найман, адай, қарлық, дүрмен т.б. көшпелі тайпалармен қоян-қолтық өмір сүргендеріне 500 жылдай уақыт болыпты. Шейбанилердің жаулап алуымен байланысты түркі ұлыстарымен келген. 1989 ж санақ бойынша 12 мың қазақ болыпты. Қазақтар туралы алғашқы дерек Бұқар әмірінің тапсырмасы бойынша Шығыс Бұхарада қандай халықтар өмір сүреді, қанша түтін, жан саны қанша деп Мұхамед Садыққожа Гулшаниға тапсырма берген. XIX ғ аяғында Гулшани «Тарих Хумаюн» (Әділдік тарихы) деген кітап жазып Қорғантобе атырабындағы түркі рулары, жан саны, шаруашылығы, кәсібі т.б. мәселелерді жазып Әмірге тапсырады. 1909 ж қайтадан көшіріледі. «Нүрек көпірі арқылы Вахш дариясынан өтсеңіз Болджуван мен Кулябтың иелігі басталады, олар Душанбе мен Хисарға бағынбайды... Бұл жерде 150 мың түтін бар, олардың 10 мыңы түрікмен, 5 мың қазақ, 35 мыңы өзбек түркілері...». «Бұлардың бәрінің түйелері бар, астық тасумен шұғылданады,

жергілікті түркілердің бәрі жылқы өсіреді... 500 мыңнан асатын қой бар. Мұнда су көп, жер құнарлы, шөп жеткілікті...». Гулшани түркілердің малы, байлығы жайында тамсана жазады.

Қазақтар ауқатты бай тұрған. Қазіргі күнге дейін қазақтардың бес зираты бар, бұлардың бәрін «Қазақ мазар» деп атайды. Қазақтардың байлығына тағы бір дәлел – үлкен қыстаулардың көбіне медресе салдырған, медреселердің жанында шәкірттер жатып оқитын жатақхана-құжыралар болған және үнемі ағаш отырғызған. Гулшанидің есептеуі бойынша 20 мыңдай қазақ өмір сүрген. 1920-1930 жылдары Қызыл империяның қызыл терроршыларынан жан сауғалаған қазақтар Ауғанстанға барамыз деп, шекараның бекітіліп тастауына байланысты осы жердегі түркі тайпаларын, әсіресе қазақтарды пана тұтып қалып қойған. Оған мысал Қызылорда облысына келгендер иесіз жатқан Жылыкөл жағасына қоныстанған (қазіргі аты Гараути) Беснайман елі. Бұл елден қазір 100-дей отбасы тұрады. 1920-1930 ж большевиктердің қысымы мен репрессияға шыдамаған 30 мыңдай қазақ келіп бұрынғы 20 мың қазаққа қосылып 50 мыңдай болыпты. 1959 ж. Қазақстанда тың игерудің нәтижесінде жұмыс күшінің жетіспеуіне байланысты 40 мыңдай қазақтар Қазақстанға көшкен. Келем деушілерге Қазақстаннан көлік, көтерме ақша берілген. Сол кездерде қазақ азайып, 12 мыңдай қалған. Соңғы көш Қазақстанның тәуелсіздік алуына байланысты 1991–2000 жылдары Қазақстанға жаппай көшудің арқасында қазір небәрі 2000 жан қалыпты. 2006 ж қазақтардың «Байтерек» атты мәдени орталығы ашылған, оны ұлтжанды қазақ қызы Саминова Зәуре басқарып келеді.

Тәжікстан жеріндегі қазақтың іздерін кескенімізде жазба және шежірелік деректерге сүйенеміз. Қазақтың ортағасырлық тарихшысы Мырза Мухамед Хайдар Дулати Тарихи Рашиди де өзінің әкесі мен шешесі туралы былай деп жазады: «Сұлтан хан әкеме (оның әулеті жойылмасын) әртүрлі ілтипат көрсетіп, оны ерекше мейірбандықпен құшағын жая қарсы алды, өзінен бір жас үлкен әпкесі Хуб Нигар ханымды менің әкеме (әйелдікке) берді. Олардың некесі 1493-1494 жылдары Шаш шахарында қиылды. Содан кейін бүгінде Ұратөбе деген атпен белгілі Усуршана уәлаятын және сол аймақтың маңындағы барлық иелікті (әкемнің – А.Т.) қолына алуды бұйырып, жақсылап аттандырды. Бұл аймақты әкем 9 жыл биледі... Ол 6 жыл билегенде пақырыңыз мен дүниеге келіппін» (Дулати, 2003). Сол Ұратөбеде қазірге дейін түркі ұлыстарынан лақай, қоңырат, найман, керей, уақ т.б. тайпалар тұрады.

Жасында шығыс ғұламаларынан тамаша білім алған, шешесінен ерте айрылған 9 жасар Мұхамед Хайдариге әкесі батасын беріп, – өз күніңді өзің көр, - деп тағдыр талкегіне сап қоя береді. 1508-1509 жылдары феодалдық бақастық соғыстарда әкесі Хорасанда азапталып өлтірілді, атасы сұлтан Махмұт хан балаларымен Худжанд өзенінің жағасында өлтіріледі. Худжанд (Ходжент) Тәжікстандағы үлкен облыс орталығы, күні кешеге дейін түркі тектес тайпалардың орталығы болған. Атақты тарихшымыздың атасы балаларымен суға түншықтырылған болатын, біз сол Ходжент өзенінің жағасына тоқтап, оларға құран бағыштадық. 1503 жылы 9 жасар Мұхамед Хайдарды әкесі: «өз тағдырыңа өзің ие бол», – деп жібергенде, алдында тұрған қым-қуат оқиғаларды болжаған да болар. Егер де өз үйінде, әкесінің жанында болса, өмірі атасының (ағайындарының) тағдырындай қысқа болар ма еді, кім білсін!? Бағымызға қарай атақты қаламгер аман-есен қалып, бізге «Тарихи Рашиди» атты мұра қалдырды. Сондықтан Ұратөбе мен Ходжент өзеніне арнайы барып, Мұхамед Хайдардың ізімен жүргендей болдым.

Лақайлар – Орта Азиядағы көне түркі тайпаларының бірі, мыңдаған жылдарға жуық тәжік-парсылардың ішінде тұрып, өздерінің тілін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, ата-қонысын сақтаған халық. Лақайлардың ақсақалдарынан, көзі қарақты кісілерінен сұрасақ, бұл жерге IX ғасырда келіппіз деп жатады. Бұл сөздің шыны бар: «Лақайлар қарлұқтармен бірге VIII ғ. арабтарға дейін келген, тіпті бұдан ертерек VI ғ болуы мүмкін. Түркі қағанаты кезіндегі түркілердің ұрпақтары» (Кармышева, 1976:27). Біздің ойымызша, сөз жоқ, лақайлар Түркі империясынан қалған әскери-көшпелі тайпалардың жұрнақтары, түркілердің Орта Азияны дүркін-дүркін жаулап алуына қарай X ғ. Қараханидтер, XIV Әмір Темір империясы, XV ғ. Шайбанидтер, XVIII ғ. Жоңғар шапқыншылығы замандарында көшіп келген көшпенді тайпалармен күшейіп отырған. 1918-1920, 1930 ж большевиктерден қашқан қазақ тайпалары да, атап айтқанда: қоңыраттар қоңыраттарын, наймандар наймандарын тауып алып т.с.с. паналаған. Лақай тарихын зерттеуші орыс ғалымдарының көпшілігі қазақ тайпалары мен руларының лақай ішінен табылатынын атап көрсетеді. Ұқсас этнонимдерінің көпшілігі жағынан қазақтарға келеді, атап айтқанда орта жүзге кіретін арғын, найман, керей, қыпшақ рулары (Кармышева, 1976:17; Кармышева, 1956:17-19). 80-ге жақындаған лақайлық Абдрахманов Қалмүмін ақсақалдың руы есенқожа қазақ екен, төлқұжатына да қазақ деп жаздырып алыпты. Ол: – Арғы атамыз қазақ, Қазақстаннан тарағанбыз, лақай деген сөздің мағынасы қайсар–соғыскер–ұрыскер дегенді білдіреді. Ибрагимбек, Егемберді батырлар Қызыл армиямен 12 жыл соғысқан, - деп отырды. Бұрын домбыра әр үйде болушы еді, қазір ұмытылып барады, бұрын өзбек мектептері көп болды, домбыра үйірмелері болды, қазір ілеуде-біреуде. Лақай домбырасының қазақ домбырасынан көп айырмашылығы жоқ, қос ішекті. «Қарлұқты қойға қой, қоңыратты түйеге қой, лақай найзасын ұстап, ат үстінде болсын» деп айтатындары біздің

белгілі мәтелге ұқсас, 10-12 мың қой айдаған байлар қарлұқтардан, түйелі байлар қоңыраттардан, жылқылы байлар – лақайлардан шыққан. Кеңес өкіметі кезінде бүкіл әлемге белгілі болған лақай жылқысы тұқымының 2000 жылға жуық тарихы бар екен. «Тәңірім бір күн өмір берсең, қатын бер, екі күн өмір берсең ат бер» деген лақай мәтелі осы халықтың бүкіл өмір салтын айқындай түседі. 1980 ж аяғында Өзбекстанда бір көкпарда болып, сонда қазақ-өзбектің кәнігі-қария көкпаршылары: «Көкпарға ежелден алыс-жұлыстың аты лақай жылқысындай дүниеде ат жоқ» деп айтып еді. Сұлтанободтағы бүкіл одаққа белгілі болған жылқы зауытын көрейін деп барсам, орнында жоқ, тек жылқының қола мүсіні қалыпты. Біздің қалталы азаматтар жылқы өсіреміз деп, қыруар қаржы шығарып, араб, ағылшын, түрікменнің арғымақтарын әкеп жатады. Өз басым, шіркін, қаржы болса, Қазақстанда лақай жылқысының зауытын ашар едім. Лақай жылқысының тұқымы екіге бөлінеді, біріншісі қысқа сирақты жатаған, омырауы зор кеуделі жылқылар, екіншісі бәдені сұлу, бойы биік арғымақтар, ешқандай араб-ахалтекеден кем түспейді және шыдамды. Бұрынғы түркі империясының асыл тұқымды арғымақтарын қайта жаңғыртамыз десек лақай жылқысын өсіруіміз керек.

Қазақ мазар – Мировой селосында (бұрынғы аты Қазақ ауылы, Жылыкөл ауданы, Хатлон облысы) орналасқан зират. 1959 ж бұл жерде үлкен қазақ ауылы болған. 1959 ж Қазақстанда жұмыс күшінің жетіспеуіне байланысты Қазақстан өкіметі арнайы көлік жіберіп, көреме ақша беріп қазақтарды көшіріп алған, соңғы қазақтар КСРО құлап, тәуелсіздік алғаннан кейін, Қазақстанға көшкен. Зират қазіргі кезде қом кесектен (шлакоблок) қоршалып, сырты ағартылған. Зираттың ортасында төртбұрышты ақбейіт бар, бір әулеттің адамдары жерленген бейіт-некрополь болса керек, сырты қоршалып ақбалшықпен сыланған. Құлпытастардың көбі құлап, болмаса жер өскенде топырақ астында қалған. Ақбейіттің жанына таман «Қамбар ұллі Эргаш 1919 ж» деген жазуы араб әріптерімен, кириллицамен жазылған құлпытас сақталған. 1990 ж бастап тәжік құлпытастары да молынан кездеседі, себебі жергілікті тәжік тұрғындары әлі күнге дейін «Қазақ мазар» деп атаған бейіттің аржағына таман тәжік құлпытастары түсе бастаған. Ол мазардан 1,5-2 км жерде көл көрініп тұр.

Ташрабад қазақ мазары – Хатлон облысы Ж.Руми ауданы бұрынғы Гүлстан совхозындағы зират. Гүлстан совхозының мал шаруашылығымен айналысатын фермасының барлық тұрғындары менгерушісінен бастап қойшысына дейін бәрі қазақтар – адайлар болған. Малдан ірі қара (сыыр), түйе, қой өсірген. Сыырдың өзінен 3 мың бас болыпты. Қазақтар тұратын бұрынғы совхоз территориясына кіреберіс жолдан (сол жағында Ташрабад қазақ мазары) бастап радиолокациялық станцияға (10 – 12 км жерге) дейін созылып, қырдың астының бәрі адайлар және аздап өзбек-қоңыраттар тұрған. 1959 ж дейін атеизмнің алқынып тұрған кезі, адамның аты-жөнін жазып, құлпытастар қою басталған, сондықтан қабірлер төмпешікке айналған. Информаторлардың айтуынша анда-санда Қазақстан жағынан келушілер бар.

Тереклік ата – Хотлон облысы, Ж. Руми совхозындағы көне әулиенің орны. Қазақтың адай тайпасы 500 жыл бұрын осы жерде тұрған, базарымыз құндыз (Ауғанстанда) болған дейді екен. Тереклік әулие таудың үстінде, онда кәрі терек бар, адамдар келетін, тоқтайтын үйі, құдығы бар көрінеді.

Тәмеке мазар (қазақ мазар) – Хатлон облысы Ж. Руми ауданы М. Горький ауылынан шығысқа қарай 5 км жердегі Тілеутау мен Теректінің арасы, Тілеутаудың асты деген жердегі зират. Зираттың сырты торкөзді темірмен қоршалған. Қазақ құлпытастары 1980 жылдардың аяғына дейін кездеседі. Мысалы құлпытаста адай ру таңбасының суреті, «Есенбет Сейсенбайұлы. Намаз 1949-1980», «Анарбайқызы Злиха. 1896-1985», «Байнеқұлы Сейсенбай. 1898-1966. Руы адай» деген жазулар бар. Бір молаға өте ескі ағаш баған көлбете шаншылып, шүберектер байланған. Молалардың көбі (70-80 пайызы) адайлардікі, демек адайлардың рулық зираты деп айтуға толық негіз бар (1-сурет).

Алимұхаммед ахун Түркістани сағанасы (қазақ әулие) Хатлон облысы Сарбанд (Вахш) ауданы Ақгазе елді-мекеніндегі тарихи ескерткіш (2-сурет). Большевиктер өкіметті қолына алысымен алғашқы күннен бастап дінге қарсы болды. Кеңес өкіметі құрылған жердің бәрінде, әсіресе мұсылман дінінің мешіт-мазарларын бұзып, дін өкілдері қожа-молдаларды қуғындады, түрмеге жапты, жер аударды, бағынбағанды қатты жазалады, атуға дейін барды. Осындай адамдардың бірі – жеті атасынан қожа, діни қайраткер, тілімен, ісімен халықтың жүрегіне иман ұялатқан Алимұхаммед қажы Түркістани болды. Ол 1928 ж Қызылорда обл. Жаңақорған ауд. отбасымен, бірнеше шәкірттерімен айлап жүріп Ауғанстанға өтпекші болып әрекет жасайды. Қызылдар шекарадағы өткелектерді жауып тастаған соң Тәжікстанның Санглох деген жеріндегі кішкене қышпаққа келіп, егін егіп, мал өсіріп орныға бастайды. Онда мектеп ашып, тәжік-қазақ балаларына араб әліпбиін үйретеді, жұма намазынан кейін халық Әлимұхаммедтің айтқандарын ерекше ықыласпен тыңдайды.



1-сурет. Бұрынғы қазақ қыстаулары. Ж. Руми ауданы. Хотлон облысы.

Бір кезде қышлаққа қарақшылар шабуыл жасап, бейбіт халықты қанға бояйды. Қышлақтан қашуға мәжбүр болған Әлімұхамед әртүрлі тау соқпақтарымен Ауған шекарасына таяп келсе де тағы да өте алмайды. Гүлюд қышлағынан Қорғантөбеге қарай жүреді. 1928-1933 ж арасында Тәжікстанның Вахш, Қорғантөбе, Руми аудандарында толып жатқан шәкірттері мен оның жолын ұстаған адамдары болды. Ишанның үнемі айтатын өсиеті: «Біздің пайғамбарымыз бен дінімізді ұмытпаңдар. Естеріңізде болсын, ерте ме, кеш пе, құдайсыздардың заманы өтеді, сондықтан біз дінімізге сенімді, адал болуымыз керек».



2-сурет. Әлімұхамед қажы Түркістани сағанасы. Жалпы көрініс. Ақгазе. Сарбанд ауданы. Хотлон облысы.

Қадірлі қажы ишан 1933 ж отбасымен, бірнеше шәкірттерімен жүктерін түйеге артып, өздері атпен Батырбадтан шығып, шекараны бетке алып жүріп кетеді. Жолда Ақгаз деген жерге тоқтап, бесін намазын оқиды. – Елге кете беріндер, - деп, өзі кешке шейін отырып, жерді құшақтап жылайды. Ақшам намазын оқып болған соң көшті қуып жетеді. Себебін сұраған ұлдарына: – мына жерде дінге берік екі жас өліпті, қызыл жендеттердің /большевиктердің/ қолынан өлген екен, маған келіп, кешкі намазды бірігіп оқиық деп айтты. Сондықтан екі етпей кешкі намазға дейін отырып, солардың тілектерін орындадым,-дейді. Екеуі де атақты діни ғұламалардың балалары екен, шаһидтер деп ұлдарына: мен өлгенде солардың жанына қойыңдар,-деген өсиет қалдырыпты. Мұны естіген 18 жасар ұлы Сұлтанәхмет: «Біз Ауғанға кетіп барамыз, онда қайтыс болса, қалай сүйегін әкелем деп ойлады. Сөйтсем, әкем біздің шекарадан өте алмайтынымызды білген екен», – депті.

1933 ж. шекараның жанында бір айдай тұрған қажының отбасын, басқа да өзбек-тәжіктермен қосып Қызыл өкімет кәмпескелеп, түйе-аттарын, есектерін тартып алып, өздерін жаяу-жалпы айдап Қорғантөбеге алып келеді. 1934 ж қажы қайтыс болады. Әкесінің өсиетін орындап, ұлы Сұлтанәхмед өлгі екі жас жігіттің моласының жанына қояды. Қазір бұл жер «Қазақ мазар» деп аталады. 1943 ж шешесі Айжамал қайтыс болғанда, әкесінің жанына апарып жерлейді, ертерек өмірден өткен екі немересі де осы жерде жатыр.

2004 ж. ұлы Сұлтанәхмед әкесінің моласын жаңалап табиғи тастан қалап, шетіне қызыл кірпіштен қорған тұрғызып, ертеде араб әрпімен жазылған тастарды сағананың қабырғасына қалап,

әкесі мен шешесінің басына құлпытастар жасатып, сағана есігінің екі жағына қабырғамен біртұтас етіп бекітеді. Сағана ұзыншалау, күнбатыс жағы доғал бұрыштау болып келеді. Құлпытаста «Әли Мұхамед қажы Түркістани» деген жазу қашалып жазылған. «Қазақ әулиеде» тәу етуші қазақтар, тәжіктер, өзбектер, басқа да мұсылмандар қысы-жазы толастамайды. Ел арасында бұл кісінің күдіреті кеңінен таралған.

Ақ әулие Хатлон облысы Данғара ауданы Котошор қышлағындағы (бұрынғы Атшабар қазақ ауылы) киелі жер. Молламан атты қазақ аулында бір діни оқымысты жергілікті қазақ, тәжікке танымал адам тұрған, оны сол өңірдің халқы қадірлеп «Ақ әулие» деп атаған. Ол кісі үнемі Ауғанстанға барып, кітаптар әкеп тұрған. Ауғанстанға бармақшы болып ауылынан аттанып, қазіргі өзі қайтыс болған жерге жеткенде қарақшылардың қолынан өлген. Ауылдастары мен тумалары арулап көмген жер Ақ әулие атанып кеткен. 1985 ж М. Горбачевтің жариялылық кезеңі басталғаннан кейін тәжік жұрты басына күмбез тұрғызған (3-сурет). Мазаратқа кіреберісте сәнді қақпа бар, жоғарғы маңдайшасында тәжік тілінде «Ақ әулие» деген сөз жазылған. Қақпадан кірген бойда сол жақта келушілерге арналған үй, намазхана бар, оң жақта асфальтталған жол тура Ақ әулиенің күмбезіне апарады. Қабырғалары төртбұрышты, шатыры (күмбезі) ағаштан шошайта басы біріктірілген, сырты қаңылтырмен жабылған. Күмбезден әрірек таман қызыл кірпіштен салынған көне құрылыстың орны бар.



3-сурет. Ақ әулие. Қотошар елдімекені (Бұрынғы Атшабар деген қазақ ауылы). Данғара ауданы. Хатлон облысы.

Көне медресенің орны – Хатлон облысы Данғара ауданы Шашар қышлағында орналасқан (4-сурет). Құрылыстың орны қышлақтың дәл ортасында төбенің үстіне орналасқан. Қызыл кірпіштердің сынықтары, тіпті бүтін кірпіштер де көп кездеседі. Кірпіштердің өлшемдері 23x22x5 (см), 23x23x5 (см). Қышлақ тұрғыны ұлты тәжік Саифов Әбділфейіздің айтуынша ертеректе осы төбені қазған кезде бүтін кірпіштер көп шығатын, бір ерекшелігі кірпіштердің бетінде қазақ ою-өрнегі бар еді. Медреседен жоғарырақ төбеде қазақ мазараты бар. Үлкендерден естігенім бойынша, - дейді Ә. Саифов, - бұл жер де қазақтың ауылы. Бұл медреседе тау-таудың арасындағы мал баққан қазақтар балаларын оқытқан, жатып оқитын жатақханасы болған. Тәліптер (шәкірттердің) ішінде қыз балалар да болған. Тағы бір тәжік ақсақалы: «Біздің үлкендердің айтуынша бұл осыдан 500 ж шамасы болса керек, қазақтар кеткен соң, біздің (тәжіктер) ата-бабаларымыз келіпті. Қазақта мал көп болған, осы таудың іші толған мал еді,- деген мәлімет берді.



4-сурет. Көне қазақ медресесінің орны. Шашар қышлағы. Данғара ауданы. Хатлон облысы.

Молламан қыстауы – Хатлон облысы Данғара ауданындағы тарихи орын. Шаншар қышлағынан 3 км жерде кәрі түт ағаштарының плантациясы бар. Оның бәрін шәкірттерімен бірге Ақ әулие отырғызған көрінеді. Қазіргі бар ағаштар ескірген, оның үстіне қыстақты сумен жабдықтап тұрған бұлақ суалған соң тұрғындары тастап кеткен (5-сурет). Тәжік ғалымдарының зерттеуінше ағаштардың жасы 500–400 жыл. Осы аймақ жергілікті қазақтың орталығы саналған. Бұл қыстақта қазақтардың ғұламасы Ақ әулие тұрған, үнемі Ауғанстанның білім-өнер орталығы – Герант, Құндыз қалаларына барып айлап жүрген. Кезекті бір сапарында Ақ әулие қарақшылардың қолынан жолда қаза тапқан.

Әбдіқадыр әулие медресесі – Хатлон облысы Данғара ауданы Ноабат қышлағында орналасқан. Қазақтан шыққан ғалым Әбдіқадыр осы жердегі қазақ медресесінде сабақ берген. Бұнда ежелгі түт ағаштары өте көп, қазір олардың көбі құрғап тұр. Жергілікті тұрғындар: –Түт ағаштары су ішетін бұлақ суын бір пысықай осыдан 5-6 жыл бұрын резина шлангімен үйіне кіргізіп алды,–деген наразылықтарын білдірді. Бұл жер өте қасиетті жер, мына ежелгі түт ағашының астында дөңгелек (біреулер төртбұрышты дейді – А.Т.) суфалар (қыш орындықтар) болған. Жаз кезінде шәкірттер осы орындықтарда, кейбірі тіпті жербауырлап тұрған ағаш бұтақтарына отырып дәріс тыңдаған. Сол тәліптер көлеңкесінде отырған түт ағашы осы, бұрын кеңес өкіметі кезінде қазақтар жиі келетін өте қасиетті жер.

Шахидон (шахит болғандар) мазараты – Хатлон облысы Данғара ауданы Әр-әрек (Теректі) ауылында орналасқан. Теректі ауылының таудың ұшар басындағы көне жұртына қатар-қатар орналасқан жүзімдіктерді аралап жүріп келеміз. Тау етегіндегі, тауды қиялай өсірілген жүзім текшелері суарылмайды, себебі су жоқ, тек жауын суынан нәр алады, сондықтан жемістері өте тәтті. Қожамқұл қарияның «Тико машинасымен» жүріп келеміз, кішкентай болса да өрге мысықша тырмысып, небір қияндардан қиялай шығып кетеді. Мұндай машине бұрын-соңды Памирдің сілемдеріне шығады деп кім ойлаған. Кезінде Кеңес әскерлері таудың ең биік жеріне радиолокациялық станция салған, сол жолмен келе жатырмыз. Сонау Алматыдан келіп соғыс болған Әр-әректі көрмей кетем бе деген қорқыныш та болды. Әйтеуір шықтық-ау! 80 жастағы тізгінші Қожамқұлға, оның жан серігі кішкене Тикосына риза болдым. Қожамқұл әңгімесін бастап: – Өне, тау басындағы қабырға жолдан сонау бір кішкене алаңқайды көрдің бе? Сол жерде мешіт болған, үйлер тұрған, су ағып тұрған науаны көрдің бе? Оны Тасбұлақ дейді. Төменірек ауылдың орны. 1925 ж қыстыкүні 40 адамнан тұратын қызыл әскерлер адайлар ауылын қоршап алып, үй-үйге кіреді. Олар: «Вы наши враги! Басмашылар қайда? Сендер басмашыларды асырайсындар. Мылтықтарың қайда? Табыңдар,- деп қоқан-лоқы жасауға кіріседі. Бір үйге кіріп, өнді қыз балаға тиіседі, ара түскен әкесін қылышпен шауып өлтіреді. Мұны аңшылық құрып, ауылдарын аң етімен асырап жүрген Әлім мен Әкім көреді. Олар ауылдың жоғары жағындағы ауғаннан алған ағылшын бесатарларын тыққан қос ағашқа шығып кетеді. Екеуі де «Сен тұр, мен атайын» деген қос мерген. Олар әдейі аңдып тұрып, қызылдар қайтпақшы болып аттарына міне бергенде дәлдеп атып, санап отырып 35 қызыл әскерді жер жастандырады. Ауылдан бір кісі өліп, екі адам жаралы болады. Бұл ағайынды қос мергеннің қаруы сол заманда ең дәл тиетін, ұстауға жеңіл ағылшын винтовкалары еді. Қызыл әскердегі бесеуі қашып шығып Гумсуға, әрі қарай аудан орталығы Дарғанаға барып оқиғаны хабарлайды.



5-сурет. Молла Аман қыстауы. Данғара ауданы. Хатлон облысы. Қыстақта халың түт ағашының бағы болған. Бұл жерде медресе, мешіт болған. Ақ әулиенің тұрған жері осы.

Жау кеткен соң ауылды жинап алған шейх: – Не істейміз, - дегеніне біраз адамдар: – кешірім сұрайық, жазадан аман қалатын шығармыз, - дегендер де болған. Шейх Әлім мен Әкімге қарап: – Батырларым, сендер не дейсіңдер? – дегенде мылтықтарын иығына іліп алған қос қыран: – Сіз не айтсаңыз соны істейміз, дінімізді қорламаймыз, намысымызды таптатпаймыз, ақырғы деміміз

біткенше қарсыласамыз, - дейді. Сонда ақсақал: Батырларымның айтқаны дұрыс, соғысқа дайындалудан басқа ешқандай шарамыз қалған жоқ. Ар-намыс, иманымызды қорғау үшін күрескендердің жаны жаннатта болады, - дейді.

Ауылдың бар-жоғы 15-тей отбасы екен. Ол кезде қазақтың жанұялы патрихалдың бірнеше ұрпақтан тұратынын ескерсек, әр үйде кемінде орта есеппен 7-8 адам бар десек, барлығы 100–120 адамдай болады. Мылтық ұстауға жарайтындардың бәрі өлген, Қызыл әскерилердің бесатарларын иемденеді, оқтарын алады, қылыштарын асынады. Балалар мен қарттарды, әйелдерді тау үңгірлеріне жасырады.

Түн ортасы ауғанда ауылды бірнеше жүз Қызыл әскерлер қоршап алады. Сол кезде жер жағдайын жақсы білетін ауыл жігіттері стратегиялық жағынан жақсы орналасып, олардың оғы өтімді болып, нысанаға дәл тиіп жатаы. Қызыл әскердегілер қайда жасыратындарын білмей, абдырап, не істерін білмей, тисең терекке, тимесең бұтаққа дегендей, жан-жаққа оқты боратады. Таң ата олар ауылға өрт қояды. Ол кезде қазақтың үйі ыстық, шоқтың қасы, бәрі екі-үш туырлықты жауып отырған, киіз үйдің іргесін топырақпен көміп тастап, қандай қыстан болса да шығатын. Сырты күнге, іші түтінге қақталған киіз үйлерге қызыл әскерилер арнайы дайындалған факелдермен өрт қойғанда бірден дуылдап жанған. Сай-сайды, үңгір ағаштарды паналаған әйелдерді, бала-шағаны да аямай қырып тастаған. Тек ауылдың желкесіндегі қос тұт ағашына бекінген Әлім мен Әкімді ала алмаған. Қос мергеннің алдында ауыл да, оны қоршаған қызыл әскерилер де алақанға салғандай көрінетін жерден қылт еткендерін мүлт жібермей атып отырған. Екі күннен астам уақыт-ай. Ақыры ағайынды екі жігітті ала алмайтынын біліп, оларды айналып өтіп, таудың үстінен қызыл әскерилер залппен дүркін-дүркін оқ атып 2,5 күн дегенде үндерін өшірген. Сөйтіп екеуі де ерлікпен қаза тапқан. Осы қос ағашты жергілікті тәжіктер де шахид болған жер деп қазірге дейін құрметтейді, ақ байлайды. Жалпы шахид болғандардың ауылы деп бұл жерден ештеңе алтынға да ағаш т.с.с. алмайды екен. Білетін қарттардың айтуынша осы жойқын қырғыннан соң өз үйінде өлтірілген адамдар сол жерге көмілген, сондықтан бұл ауыл мазаратқа айналған. Бүгінде сол жерде адам тұрмайтыны содан болса керек» (Нуралив, 2016:84). Осы жерді тауып, анда-санда келіп құран оқып жүретін 80-нен асқан Қожамқұл Нұрматов: – Алғаш осы жерге келіп, құран оқып отырғанда жылап отырдым. Осыдан бастап Қызыл империяға қарғыс айтпасам тұра алмайтын болдым, - дейді. Оқиғаның өткен жері төменде, ауылдың орналасқан жері. Тасбұлақ, Жоғары тау жағындағы Әлім мен Әкімнің бекінген қос ағашын ұзақ араладым. Қос ағаштың түбінде бірталай отырдым, Әлім мен Әкім елестегендей болды, ағайынды қоңыр қаз бір-біріне оғымыз жете ме? – деп тұрғандай маған көрінді.

Күйші Әлшекей Бектібаев (1847-1932). Қазіргі Қызылорда облысы Жаңақорған ауданында Бектібай деген ауқатты отбасында дүниеге келген. Жас кезінен домбыра тартуды шебер меңгеріп, халық композиторларының шығармаларын орындаумен қатар, өзі де күй шығарумен әуестенген. Өмірінде 70-тен астам шығарған күйлерінің он-ы ғана біздің заманымызға жеткен. Қызыл өкімет келгенде, байдың, төренің тұқымы есігінде күл ұстайды деген жаламен елінен кетуге мәжбүр болады. 1928 ж басында бір топ тума жұрағаттарымен бірге Қорғантабе аймағының Яван қыстағына көшіп келеді. Шығыс музыкасының бір қасиеті көкірегінде сәулесі бар екінші шығыс ұлтының тыңдаушысы өзі көрмеген ұлт аспабын бір-екі тыңдаған соң тез түсінетін. Қос ішекті домбыраның құлағында ойнайтын Әлшекейдің өнері көршілес тәжік, лақай халықтарының да жүрегінен жол табады. Әсіресе оның ат үстінде отырып домбыра тартуы тыңдармандарын таңырқатып қана қоймай, құлақтарының құрышын қандырады. Яванда тұратын тәжіктің атақты әншісі Кадир Жуги жұбы жазылмас дос болады. Қазір қазақтың күй тарихынан хабарсыз бәз біреулер қытай қазақтарында сақталып, біздің заманымызға жетіп қоймай Шыңжаңның Алтай қаласында 10 мың адам бір мезгілде ойнап Гиннес кітабына кірген «Қаражорға» күйін бақсының күйі, бақсының биі деп әр саққа жүгіртеді. «Қара жорға» күйін Әлшекейдің ат үстінде тартқан өнерін заманында қазақпен қатар тәжік, лақай елі де таң-тамашалаған. Әлшекейдің өз күйлері: «Егес», «Теріс қақпай», «Қыз жоқтаған», «Жаяу кербез», «Шерпі», «Аққу кеткен», «Толқын». Бұл күйлерін қазақ күй өнерінің алтын қазынасына тіркеткен белгілі зерттеуші А. Сейдімбеков те жазып кеткен.

Белгілі Сыр бойының ақыны Манап Көкенов Әлшекейге арнап поэма шығарған. Біз осы сапарымызда Әлшекеннің мәңгілік жай тапқан жерін, Тәжікстандағы қазақ мәдени орталығы – Бәйтеректің төрайымы З. Саминованың көрсетуімен есепке алдық. Әлшекейдің жерленген жері Хотлон облысы, Яван қаласында екен. Біз осы жолы екі рет барып қабірін таба алмадық. Тәжікстандағы қазақ ағайындар бұл мәселені шешетіндерін айтып, бізге хабар бермекші.

Абдолла Жармұхамедов (1896-1940). Бұл кісінің есімін алғаш рет 1969 жылы КазМҰУ-дың тарих факультетінде оқып жүргенде ұстазым Мұсатай Ақынжановтан естіген едім. Семей өңірінің тумасы Мұсатай ақсақал 1930 жылдың ортасында Семей қалалық атқару комитетінің төрағасы болып келген Абдулламен жақынырақ танысып араласады. Бір әңгімесінде 1920 ж Фрунзе екеуі Бұхара қаласын алғанда Бұхар әмірі отбасын тастай қашқанын, оның балаларының көп болғанын,

оларды тәжік өкіметінің мүшелері бір-бірден асырап алғанын тілге тиек еткен еді. Сонымен қатар Абдулланың Орта Азияда бірінші болып 3 мәрте жауынгерлік Қызыл ту орденімен марапатталғанын мақтанышпен айтатын. Бірде семинар сабағында мен Абдолла туралы тағы сұрап, 1936 ж «Совет Одағының Батыры» атағы бекітілгенге дейін КСРО батыры десе де болғандай екен дегенімде ұстазым: – Өзімнің ойыма келмеген нәрсені шәкіртімнің айтқаны қандай жақсы,- деп маған «5» бес қойғаны бар.

1983 ж Мәдениет министріне қарасты «Казпроектреставрация» институтында істеп жүргенде мен атақты адамдардың басына қойылған ескерткіштерді тізімге алып, Алматы қаласының Ташкент бейітіндегі М. Әуезов, Қ. Сәтбаев зираттарынан көп алыс емес А. Жармұхамедовтің де құлпытасын тізімге кіргізіп, паспортын жасадым, Мәдениет министрлігінің коллегиясында Ж. Шаяхметовпен бірге осы екеуін дәлелдеп шықтым.

Небәрі 44 жыл өмір сүріп, бүкіл саналы өмірін Тәжікстан республикасын нығайтуға жұмсаған Абдулланың өмірі мен қызметі зерттеуге тұрарлық, ол шетелдегі қазақтардың әскери және тарихи қайраткерлерінің бірі. Ол туралы тәжік зерттеушісі Абдусаттар Нуралиев: «Имя верного сына казахского народа Абдуллы Ярмухамедова занимает достойное место в словесной плеяде выдающихся борцов за народное счастье. Его мужество и героизм в борьбе с врагами в годы становления и укрепления Советской власти в Средней Азии были отмечены тремя орденами Боевого Красного Знамени, орденом Красной Звезды Бухарской НСР, личным оружием, ценными подарками и грамотами...» (Абдусаттар, 2016). Тағы бір тәжік тарихшысы Гафур Шерматов: «10 ноября мы отмечаем День таджикской милиции, а 13 ноября 120 ление первого в истории Таджикистана главного милиционера республики, народного комиссара Внутренних дел Таджикской АССР, борца за установление Советской власти в Средней Азии Абдуллы Ярмухамедова» дей келе, оның қазақтың даңқты ұлы екенін атап көрсетеді (Шерматов, 2016). Мен А. Жармұхамедовтың да, С. Рақымовтың да өз қолдарымен жазған өмірбаяндарын, толтырған анкеталарын көрдім. Абдолла үнемі өзінің қазақ екенін көрсетіп отырған, себебі кедей отбасында туған. Сабырдың әкесі Омаркүл диірмені бар бай болған, әкесінің ағасы Мәуленкүл Ташкент қаласының датхасы болған. Мұндай биографиямен Сабыр ешқашан өсе алмас еді, сотталар еді. Сондықтан әйелінің ағасы Рақымның атына әдейіліп жазылып, ұлтым – өзбек дегенге ешқашан арланбаған, себебі ол кезде көрсету көп, қазақтардың өздері-ақ Сабырдың көзін құртып жіберер еді.

Абдолла 1896 ж 13 қарашада Жетісай селосында кедей отбасында дүниеге келген, 7 жасында әкесі қайтыс болып, шешесі күнкөріс қамымен Мырзашөл жақтағы (Жизок уезі) ағасының қолына барады. Сол кезден бастап Абдолла Мырзабай болыстың суын әкеп, малын бағып жұмысын істейді. Ол заманда орыс әкімшілігі ауқатты адамдардың балаларын оқытып, келешекте патша өкіметінің сойылын соғатын шенеуліктерді дайындауды қолға алған. 1906 ж кезек Мырзабай байға келгенде ол өзінің жалғыз ұлын қимай, есігінде жүрген Абдолланы Самарқандтағы орыс-тузем мектебіне беріп жібереді. Кішкентайынан ұғымпаз, зерек болған ол мектепте жақсы оқиды. Өз балам деп берген Мырзабай Абдулланың оқудағы озаттығына қарамай, бір жылдан соң оған көмек беруін тоқтатады. Содан өзін-өзі асырау үшін Абдолла нешәтүрлі жұмыс істейді, оқудан да бір сағатқа да қалмай үнемі сабақта алда болады. Баланың еңбекқорлығы мен зейінін байқаған мектеп меңгерушісі Иванов өзінің қолына алып, мектебін бітірген соң Самарқанд қаласының 4 кластық училищесіне түсуге көмектеседі. 1914 ж училищені бітірген Абдолла Қаттақорғандағы туысына барып, алғашында писарь – қағаз көшіруші, кейінірек аудармашы болады.

1917 ж патша өкіметі құлап, Ақпан революциясын көрген, большевиктердің үгіт-насихатына сенген Абдолла жиналыстарға, митингілерге қатысып, белсенділік танытады. Ол барлық күш-жігерін, білімін Кеңес өкіметін нығайтуға жұмсайды. Біз Абдулланың өмір кезеңдерінің барлығына тоқталмаймыз, себебі ондай фактілердің бәрі қағазға жазылып, құжаттарда көрініс тапқан.

1923 ж наурызда Түркістан республикасы ішкі істер комиссарының орынбасары болады, мамыр айында Түркістан өкіметі оны басмашылардың ылаңын басу үшін Ферғанаға жібереді. Алай әскери-экспедициялық отрядының комиссары болып тағайындалған Абдолла 300-дей еріктілердің 90 пайызын (қазақтар мен қырғыздар) өзі әскер қатарына тартып, жаттықтырып, ұрысқа бейім мықты сарбаздарды жасақтайды. Экспансияның алдында басмашыларды Ферғана асуларынан асырмай тоқтату керек болатын. Жергілікті мекенінің әрбір тасы мен бұтасын жақсы білетін айлакер басмашыларымен соғысу оңай болған жоқ. А. Жармұхамедов өзінің ұйымдастырушылық қабілеті мен әскери дарынының арқасында жауды Ферғана асуларынан асырмай тоқтатып қана қоймай, Алай атырабын басмашылардан толық азат етті. Осы ерлігі мен жұмысы үшін Жауынгерлік Қызыл Ту орденімен марапатталады. Бұл кезде Орта Азияның барлық республикаларына қарағанда Тәжікстанда Кеңес өкіметін орнату өте қиын болған. Жер жағдайының қиыншылығы, әсіресе «Әлемнің төбесі» атанған Памирды басмашылардан қорғау оңай болған жоқ. Куляб уәлаятында лақай (түркі халқы) батырлары Ибрагимбек пен Егембердінің артынан ергендер Қызыл әскерлерге ерекше қарсылық көрсеткен. Революция ісіне қанша берілсе де А. Жармұхамедовтың бір ұрыста Қызыл әскерилердің басы мен иығы, қолы бір-ақ шабылғанына назар аударып, – Мына адамдар

калай шабылған? Кім түсіндереді? – деген сұрағына, – ...Жолдас комиссар, бұл Ибрагимбектің қылышының ізі, ол зұлым адамның басын қиялай шабады, егерде оң жағынан шапса, баспен қоса сол иықтың жартысы мен сол қол бірақ кетеді, егер де бастың сол жағынан шапса, баспен қоса оң иықтың жартысы мен оң қол кетеді, - деп жауап берген лақайлық жауынгер. Сонда Абдолланың: ...Ибрагимбектің қолында қылыш па? Әлде Мұхаммедтің зұмыхары болған ба? – деген сұрағанына: – Иә, комиссар жолдас, зұлпыхардан кем емес, қылышының салмағы 12 кг...» деген жауап берілген (Лақай ақсақалдарының әңгімелерінен). Осы әңгімеден байқайтынымыз: Қызыл комиссар А. Жармұхамедовтың Мұхаммед пайғамбарды және оның зұмыхарын сөз етіп, істің мән-жайына жетуі. Бұл дерек біраз нәрсені аңғартса керек. Ол заманда бандитті пайғамбармен теңестіруді қойып, атын атаудың өзі қылмыс болған ғой. Жалпы Кеңес өкіметі Ибрагимбекті жеңе алмаған. Ел аузында «...Ибрагимбекті жеңу үшін оны қолдап отырған халқын түгел қыру керек...» деген Сталиннің сөзі сақталған. Жалпы Сталин тәжік республикасын құруда, нығайтуда көп еңбек сіңірген. Тәжікстанның астанасы – Сталинабад деп аталуы тегін емес. Қазір орыс зерттеушілерінің кейбіреуі «Сталин таза грузин емес, парсының қаны бар» деп жүр ғой. Сталиннің түркі халықтарын ерекше жек көруі – Түркияның өмір бойы Грузияға шабуыл жасап, жерін, елін тонауы және Иран мен Тұран арасындағы ғасырлар бойғы қырғиқабақ соғыс. Сталиннің осы сөзінің астарын лақайдың елбасшыларымен, ақсақалдарымен кездескенде А. Жармұхамедов жеткізген. Ел аузындағы ескі сөздердің, әсіресе, Лақай ақсақалдарының айтуынша, «қызылдардан халқым қырылғанша өзім берілейін» деп Ибрагимбек өз еркімен қолға түскен. 1931 ж. атылған. Ибрагимбекке егеменді Өзбекстан өкіметі «Халық қаһарманы» деген атақ берді деп айтылып жүр, себебі өзбек деп жазылып кеткен лақайлардың тарихын Өзбекстан өкіметі өз тарихының бір пұшпағы санайды.

Жер жағдайының, ауа райының ерекше қиындығы, үнемі ат үстінде ұйқысыз, демалыссыз өткен күндер Абдолланың денсаулығына зиян тигізбей қойған жоқ. Өзінің өтініші бойынша 1927 ж. ВКП (б)-ның Орта Азия бюросына жіберіледі. 1927-1940 жылдары А. Жармұхамедов Қазақстанда жұмыс істеді. 1940 ж бір жылға жуық төсек тартып жатып, ақыры тұра алмады, мәңгілік аспанға аттанды.

А. Жармұхамедов үнемі Кеңес өкіметінің жоғарғы органдарына сайланып отырды. 1919-1920 жж. Катта-Қорған уезі атқару комитетінің мүшесі. 1921-23 жж. Самарканд облысы атқару комитетінің мүшесі. 1920-1924 Түркістан Орталық атқару комитетінің мүшесі. 1926-1927 Тәжікстан ОАК мүшесі, 1926-1929 жж. Өзбекстан ОАК мүшесі, 1925-1927 жж. КССР ОАК мүшесі, 1929-1938 жж. Қазақстан ОАК мүшесі сайланған.

Тәжікстанда А. Жармұхамедовке ескерткіш тұрғызылып, көше аты берілмесе де толып жатқан мақалалар мен зерттеулер баршылық, әсіресе орыс тілінде көп, бұл оның тасқа басылып, есімі мәңгі есте қалды деген сөз. Тәжікстан энциклопедиясында (Таджикская Советская энциклопедия, 1980:112). А. Жармұхамедов тәжік халқының кеңес және тәуелсіздік кезеңдеріндегі тарихында өз орнын алған қайраткер деп жазылған [История Таджикского народа, 2004:383, 393]. Келешекте шетелдегі қазақтардың әскери және қоғам қайраткері болған А. Жармұхамедовты Қазақстан тарихына да кіргізген жөн.

Мүсінші Керей Жұмағазин (1929-1984). 1971 ж. ҚазГУ-дің тарих факультетінде ұстазымыз Б. Мекішев «Жеті муза» қоғамының бір отырысында Тәжікстаннан әлемдік балет өнерінде бір жарық жұлдыз пайда болды. Ол Малика Сабирова деп ерекше тебіреніспен баяндама жасап, артынан іле-шала «Қазақ университеті» газетінде ол туралы мақала жариялады. Кейінірек Болат Аюханов та қазақ теледидарында Малика Сабированы шығыстан шыққан ерекше құбылыс деп баға берді. Биыл қыркүйек айында Тәжікстанның ұлттық мұражайын аралап жүріп Малика Сабированың мүсінін көріп тамашалап, фотоға түсіріп болып, авторы кім екен деп постаментіне үңілсем К. Жұмағазин деп жазылып тұр. Тәжік халқында мұндай фамилия болмайтынын білем, мұражайдың әкімшілігіне жолығып, мән-жайын сұрап едім, – иә, ол кісі қазақ. Тәжікстанның атақты мүсіншісі Е. Татаринованың шәкірті, көркемөнер колледжінде сабақ берген, біздің мұражайда тағы екі шығармасы бар, – деп жайып салған жауап алдым.

Ақтөбе облысында дүниеге келген жас жігіт Душанбе қаласында әскер қатарында жүргенде белгілі мүсінші Л. Татаринованың шеберханасына жиі келіп, мүсіншілік өнердің қыр-сырымен танысады. Зерделі жастың әскерден бос уақытында үнемі келіп, қиын да күрделі өнерді білсем, үйренсем деген талпынысын байқаған көңігі шебер оған үнемі қолдау көрсетіп отырады. Армиядағы уақыты біткен кезде Керей өз еркімен Тәжікстанда қалып Е. Татаринованың шеберханасында шәкірттік жұмысын жалғастырады. 1960 ж. бастап оның пластикалық жұмыстары республикаға танымал болады, 1961 ж арнаулы білімі болмаса да Суретшілер одағының мүшелігіне қабылданады. Қанша дарынды болса да арнаулы білімі болмаған шебердің Қазақстанда, Ресейде одақ мүшесі болуы мүмкін емес еді. Мысалы, Қазақстанда анда-санда халық шеберлерін мүшелікке қабылдайтын, ал профессионал мүсіншіге Одақ мүшесі болу үшін тек қана жоғары білім қажет болатын.

Тәжік халқының көркемөнер тарихынан орын алған мүсінші Лениндік сыйлықтың лауреаты Мирзо Тургунзадениң, хирург Зикрия Хадисаевтың, тәжік әдебиетінің классигі Садриддин Айнидің

т.б. өнер, еңбек тарландарының мүсінін сомдады. С. Айнидің барельефтік бейнесі Опера және балет театрының кіреберісінде тұр. «Дала әні», «Құмыра көтерген әйел», «Әйел басы» туындылары ұлттық мұражай залына қойылған.

2009 ж. дарынды мүсіншінің 80 жылдық мерейтойына республиканың түкпір-түкпірінен, шетелдерден оның шеберханасынан тәлім алған шәкірттері жиналып атап өтті.

Қорытынды. Экспедиция барысында жинақталған деректер негізінде Тәжікстанның Хатлон облысындағы аудандарда барлығы қазақтарға қатысты 17 киелі орындар мен қасиетті жерлер анықталып, зерттелді. Атап айтқанда, Тәжікстандағы ескерткіштерді зерттеу барысында Мұхамед Хайдар Дулатидың туған жері Ұратөбе (Усуршана) қаласы, атасы Махмұд сұлтанның балаларымен өлген жері – Худжан (Ходжент) өзені есепке алынды. Бұдан өзге Қазақ мазар, Ташрабад қазақ мазары, Бұрынғы қазақ қыстаулары, Тереклік ата, Тәмеке мазар (қазақ мазар), Ақ әулие, Молламан қыстауы, Әбдіқадыр әулие медресесі, Шахидон (шахит болғандар) мазараты сынды көптеген қасиетті орындар бар. Бүгінгі таңда аталмыш елде қазақ халқы аз болғанымен, кезінде қазақ ауылдары болған аймақтарда қазақтарға тән киелі жерлер мен тарихи орындар сақталып қалған. Ал осы ескерткіштерді қазақтардың қасиетті орындары ретінде сақтап қалу бүгінгі күнде өзекті болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

- Абдусаттар Н. Казахи Таджикистана. Душанбе, 2016.
 Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. Алматы: М.Х. Дулати қоғамдық қоры, 2003. 616 б.
 История Таджикского народа. Т.У. Новейшая история (1917-1941 гг.) под ред. Акад. Р.М. Малова. Душанбе. 2004.
 Кармышева Б.Х. К вопросу о происхождении локайцев // Советская этнография. 1952. №4. С. 11-29.
 Кармышева Б.Х. Очерки этнической истории южных районов Таджикистана и Узбекистана (по этнографическим данным). М.: Наука, 1976. 323 с.
 Нуралив А. Казахи Таджикистана. Монография. Душанбе: Истеъдод, 2016. 160 с.
 Таджикская Советская энциклопедия. Гл. науч. ред. М. С. Асимов. Душанбе: Гл. науч. ред. Тадж. сов. энцикл., 1980. Т. 2. 670 с.
 Шерматов Г. Три звезды Абдуллы Ярмахамедова // ASIA-PLUS. 17.10.2016.

References

- Abdusattar N. Kazakhi Tadjikistana. Dushanbe, 2016. [In Russian].
 Dulati M.X. Tarixi-i Rashidi. Almaty: M.X. Dulati kogamdyq qory, 2003. 616 b. [In Kazakh].
 Istoria Tadjhikskogo naroda. T.V. Noveishaia istoria (1917-1941 гг.). pod. red. Akad. R.M. Malova. Dushanbe, 2004. [In Russian].
 Karmysheva B.X. K voprosu o proiskhozhdenii lokaitsev // Sovetskaia etnografia. 1952. №4. S. 11-29. [In Russian].
 Karmysheva B.X. Oчерки etnicheskoi istorii iuzhnykh raionov Tadjhikistana i Uzbekistana (po etnograficheskim dannym). M.: Nauka, 1976. 323 s. [In Russian].
 Nuraliev A. Kazakhi Tadjhikistana. Monografia. Dushanbe: Istedod, 2016. 160 s. [In Russian].
 Shermatov G. Tri zvezdy Abdully Iarmukhamedova // ASIA-PLUS. 17.10.2016. [In Russian].
 Tadjhikskaaia Sovetskaia ensiklopedia. Gl. nauch. red. M.S. Asimov. Dushanbe: Gl. nauch. red. Tadjh. sov. ensikl., 1980. T. 2. 670 s. [In Russian].

МРНТИ 03.61.91

DOI 10.51943/1814-6961_2022_1_191

КАЗАХСКИЙ АУЛ И СОВЕТСКАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ: ТРАДИЦИОННАЯ КУЛЬТУРА В ПРЕДВЕРИИ ГИБЕЛИ

Орынбаева Гульмира Усенбаевна^{1*ID}

¹Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, г. Алматы, Казахстан

*Автор корреспондент
 E-mail: orinbaevag@mail.ru

Аннотация. Настоящая статья посвящена теме изменений в хозяйстве и культуре казахов в годы утверждения советской власти на территории Казахстана. Цель статьи – показать цепь причинно-следственных связей, приведших к утрате народом исконной культуры, причем вызванной

**МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENTS**

**ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ
SOURCE STUDING AND HISTORIOGRAPHY**

Әбсадық А.А., Қабылдинов З.Е., Арықбаева Ж.

А. ВАСИЛЬЕВТИҢ «ИСТОРИЧЕСКИЙ ОЧЕРК РУССКОГО ОБРАЗОВАНИЯ В ТУРГАЙСКОЙ ОБЛАСТИ» АТТЫ ЕҢБЕГІНІҢ ТАРИХИ ДЕРЕКТІК ЖӘНЕ ТАНЫМДЫҚ МАҢЫЗЫ (Очерктің II және III бөлімдері бойынша).....5

Абдиров М.Ж.

МУХАММЕД-ХАНАФИЯ (ЧОКАН) ЧИНГИСОВИЧ ВАЛИХАНОВ ОБ ЭТИМОНЕ «КАЗАК», ЭТНОНИМЕ «КАЗАХ» И ЭТНОГЕНЕЗЕ КАЗАХСКОГО НАРОДА (статья первая).....15

Хамраев А.Т.

«КИССАС УЛ АНБИЁ» НАСИРЕДДИНА БУРХАНИДДИНА РАБГУЗИ В КОНТЕКСТЕ ОБЪЯВЛЕНИЯ ИСЛАМА ГОСУДАРСТВЕННОЙ РЕЛИГИЕЙ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ.....24

Ермуханова Х.К., Бексейтова А.Т.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПОЛИЭТНИКАЛЫҚ ҚОҒАМ ТАРИХЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ТАРИХНАМАЛЫҚ ШОЛУ.....31

Мейрамбеков А.Қ., Закарья Р.

XX ғ. ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – XXI ғ. БАСЫНДАҒЫ НЕМІС ТАРИХНАМАСЫНДАҒЫ КЕҢЕСТІК КЕЗЕНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІ.....41

**ОРТА ҒАСЫРЛАР ТАРИХЫ
СРЕДНЕВЕКОВАЯ ИСТОРИЯ
MEDIEVAL HISTORY**

Коргабаева Г.К., Авалиев А.А.

ДИПЛОМАТИЧЕСКАЯ ПЕРЕПИСКА КАЗАХСКОГО ХАНСТВА С СОСЕДНИМИ ГОСУДАРСТВАМИ (XVIII в.).....50

Темиргалиев Р.Д.

О ПОДСУДНОСТИ ЧИНГИЗИДОВ ТРАДИЦИОННОМУ СУДУ БИЕВ.....61

**ЖАҢА ЗАМАН ТАРИХЫ
НОВАЯ ИСТОРИЯ
NEW HISTORY**

Динашева Л., Сандыбаева А.

ЛЕЧЕБНЫЕ УЧРЕЖДЕНИЯ ГОРОДА ТУРКЕСТАНА И ОКАЗАНИЕ МЕДИЦИНСКИХ УСЛУГ В КОНЦЕ XIX – В НАЧАЛЕ XX ВЕКА.....69

Зинуров Р.Н.

АБУЛХАИР ХАН – БАШКИРСКИЙ СЛЕД. (СОБЫТИЯ И ФАКТЫ).....77

Мұхатова О.Х.

XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПРАВОСЛАВИЕЛІК МИССИОНЕРЛЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІ.....89

Абдулина А.Т.

К ИСТОРИОГРАФИИ ПРОБЛЕМЫ ПРАВОСЛАВНОГО МИССИОНЕРСТВА В КАЗАХСТАНЕ.....101

Қуанбай О.Б.

ПОЛИТИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ САРЖАНА КАСЫМУЛЫ В НАЦИОНАЛЬНО-ОСВОБОДИТЕЛЬНЫХ ВОССТАНИЯХ КАЗАХСКОГО НАРОДА В 1825–1836 ГГ.....109

**КЕҢЕС ДӘУІРІ ТАРИХЫ
ИСТОРИЯ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА
SOVIET PERIOD HISTORY**

Капаева А.Т., Касымова Д.Б. ФОРМИРОВАНИЕ КАДРОВ В СОВЕТСКОМ КАЗАХСТАНЕ: СТИЛЬ ЖУМАБАЯ ШАЯХМЕТОВА.....	120
Ахмет А.Қ. УНИВЕРСИТЕТ ТАРИХЫ: ТАСАДА ҚАЛҒАН ДЕРЕКТЕР.....	130
Мырзатаева З., Алипова Д., Жұмабаева К., Сапанов С.Ж., Уалтаева А.С. АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ 1920-1930 ЖЖ. ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ӨМІРІНДЕГІ МҮНАЙ ӨНДІРІСІНІҢ ОРНЫ.....	139
Сәтбай Т.Я., Жолдасұлы Т., Ахметбек Б.М. СӘУЛЕТШІЛЕР МЕН СУРЕТШІЛЕР ОДАҒЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӘДЕНИ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ (1946-1970 жж.).....	149
Бәкір Ә.Қ., Тайман С.Т. М. ШОҚАЙ - МҮСЫЛМАН ЭМИГРАНТТАРЫНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ.....	160
Бекмагамбетова М.Ж., Бекмагамбетов Р.К., Бимолданова А.А. ОПИУМ ДЛЯ НАРОДА: АТЕИСТИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ КАЗАХСТАНЦЕВ ПЕРИОДА «РАЗВИТОГО СОЦИАЛИЗМА».....	170

**ЭТНОЛОГИЯ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯ
ЭТНОЛОГИЯ И АРХЕОЛОГИЯ
ETHNOLOGY AND ARCHEOLOGY**

Тоқтабай А.У. ТӘЖІКСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ КИЕЛІ ЖЕРЛЕРІ МЕН ТАРИХИ ОРЫНДАРЫ (ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША).....	181
Орынбаева Г.У. КАЗАХСКИЙ АУЛ И СОВЕТСКАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ: ТРАДИЦИОННАЯ КУЛЬТУРА В ПРЕДДВЕРИИ ГИБЕЛИ.....	191
Жомарт Ж. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ҚОҢЫРАТ ТАЙПАСЫНЫҢ КӨНЕ ТАРИХЫ.....	200
Жетібаев К.М., Сиздиқов Б.С., Арынов Қ.С., Бахтыбаев М.М. СЫҒАНАҚ ҚАЛАШЫҒЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ.....	209
Abdigaliyeva D., Zhumabayev B., Isabayeva B. THE ROLE OF SACRED SITES IN THE DEVELOPMENT OF DOMESTIC TOURISM IN KAZAKHSTAN.....	219
Дуванбеков Р.С. О ПРОБЛЕМАХ ХРОНОЛОГИИ КАМЕННОЙ ИНДУСТРИИ ПАЛЕОЛИТА ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА В ИСТОРИЧЕСКОМ АСПЕКТЕ.....	226

**Рецензия
Сын-пікір
Review**

Балтабаева К.Н. РЕЦЕНЗИЯ НА КНИГУ: НӘБИЖАН МҰҚАМЕТХАНҰЛЫ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФЕНОМЕН: ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БӨЛІНУІ МЕН ТҮТАСТАНУ ҮДЕРІСІ.....	236
---	-----

Басуға 29.03. 2022 қол қойылды
Шартты баспа табағы – 12,5
Офсеттік басылым
Таралымы 150 дана.

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,
«Отан тарихы» журналының редакциясында басылды